

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің 2024-2025 оқу жылында 7 сыныппен жүргізілген
тәрбие жұмысының талдауы

2024-2025 оқу жылында 7 сыныпқа 3 оқушы қабылданды. Оның 2-уы ұл бала, 1-уы қыз бала. Жылдық қорытынды сапалық көрсеткіші - 67 % құрайды.

Екпінділер: Амантаева Данила, Молдабай Асылзат

Оқушылардың жеке бас тазалығы жақсы, жекелеген оқушыларға ескертулер берілді. Кейбір оқушылар денсаулығына байланысты дәрігерден анықтамалар тапсырды. Оқушылар барлық шараларға белсене араласады. Сыныпта тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша «Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз адамзатты тәрбиелеу» мақсатында басшылыққа ала отырып және ҚР «Білім туралы заңы», «Бала құқығы туралы заңы», «Тіл туралы заңы», ҚР «Мемлекеттік рәміздері туралы» т.б нормативтік құжаттар негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспар жасалынып бекітілді. Жылдық жоспарға сәйкес іс шаралар өз уақытында өткізіліп отырды. Атап айтқанда, 1 қыркүйек білім күні «Менің Отаным Қазақстан», «Еңбек түбі береке» (Еңбегі адал жас өрен жобасы), «Қоғамға қызмет ету» (Қамқор жобасы) бойынша шаралар өткізілді.

1-қазан Қарттар күні «Қарттарым асыл қазынам» (Еңбегі адал жас өрен жобасы), 5 қазан- Мұғалімдер күні «Ұстаз -ұлы тұлға», «Қыздарға әсемдік жарасады», «Теңге-тәуелсіздік символы», 25 қазан Республика күніне орай «Тәуелсіздік теңдесі жоқ байлығым» сынып сағаттары өткізілді.

Мектепшілік «Ұстаз -ұлы тұлға» атты іс шараға сәйкес ұйымдастырылған КВН де оқушылар белсенділік танытып, марапатталды.

Оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасап, хабарлар алынды. Оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді.

Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылар бастауыш сыныптан орта буынға қосылғандықтан жыл бойы жаңа сынып жетекшіге, пән мұғалімдеріне бейімделу жұмыстары психологпен, әлеуметтік педагогпен жүргізілді. Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген іс-шараларға белсене араласты. Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді.

айтқанда, 6 қарашада «Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы), 13 қарашада «Адал азамат- Адал еңбек -Адал табыс» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы), 11 қарашада «Ұлттық валюта теңге» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы), 27 қарашада «Менің отбасым – менің байлығым» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы), 4 желтоқсанда «Табиғатқа қамқор жасаймыз» ашық сынып сағаты, 13 желтоқсанда «Тәуелсіздікке 32 жыл», 25 желтоқсанда «Мен – еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) сынып сағаттары өткізілді.

Ата-аналарды қолдау бағдарламасы бойынша берілген «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер. Бала жүрегіне жол табу» тақырыбы негізінде «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ» баяндамасы оқылып, «Бала жүрегіне жол табу» атты тренинг өткізілді.

Сынып оқушысы Амантаева данила аудандық аудандық Мұқағали оқуларының жарысына қатысып Аудандық і орын иеленді.

Сынып сағаттары «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша өз уақытында өткізіліп отырды. Атап айтқанда, 13 қаңтарда «Буллингтен қорған» қауіпсіздік сабағы, 27 қаңтарда «Ата анамен және сенімді ересектермен қауіпсіздік мәселелерін қалай ашық талқылауға болады» («Оқуға құштар

мектеп» жобасы), 22 қаңтарда «Мейірім құндылығы», 29 қаңтарда «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері», 5 ақпанда «Мақал – сөздің азығы азығы, жұмбақ – ойдың қазығы», 12 ақпанда «Тарихқа тағзым», 19 ақпанда «Денсаулықжәне дұрыс тамақтану мәдениеті», 26 ақпанда «Отаншылдық деген не?», 4 наурызда «Үміт сәулесі» («Еңбегі ерен жасөрен» жобасы), 11 наурызда «Бәрі де ана, бір өзіңнен басталады», 18 наурызда «Таным.Тағылым. Тәрбие» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы) сынып сағаттары өткізілді.

Тәрбие бағыты бойынша 2023-2024 оқу жылының тәрбие сағаты тақырыптары бекітіліп, сынып сағаттары түрлі форматта өткізілді. Тәрбие сағаттары әр түрлі форматта өткізілді. Барлық оқушылар үйірмелерге уақытылы қатысып, жетістікке жеткен оқушылар да болды. «Балауса» қыздар клубы мен ұлдар клубының ісшараларына да белсене қатысты.

Тәрбие бағыттары бойынша сынып сағаттары уақытында өткізілді. Биылғы оқу жылындағы тәрбие жұмысының өту барысы қанағаттанарлық.

Сынып жетекшісі: М.Ерманова